

**Қостанай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 8 қазандағы № 2751 "Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 19 мамырдағы № 1469 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 маусымда № 7102 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 8 қазандағы № 2751 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6004 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 желтоқсанда "Наш Қостанай" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Б. Жақыпов*